

2. Egemen Qazaqstan tarixy: täuelsizdikke 20 jyl [Mätin]: tarihi-qūjattıyq zertteu/ Qazaqstan Respublikasy Bilum jäne ğylym ministrlygi, Memleket tarixy instituty; qūrast.: B.Ġ.Aiaġan, H.M.Ābjanov, G.R.Nūrymbetov. - Almaty: Raritet, 2011.- 395 bet

3. Qazaqstan Respublikasy memlekettik täuelsizdiginıñ jıyrma jylıdyġy deklaraciiasy. Almaty: «Qazaq enciklopediiasy», 2012. – 176 bet+8 bet türlı-tüsti suretti japsyrma.

4. Nazarbaev N.Ā. Bolaşaqtyñ irgesin birge qalaimyz. Joldau. – Astana, 28.01.2011.

5. Toqaeв Q.-J. Abai jäne XXI ġasyrdaġy Qazaqstan. – Astana, 2020.

6. Toqaeв Q.-J. Täuelsizdik bärinen qymbat. Maqala. – Astana, 2021.

7. Tölepbergen B. Ūlttyq idea - täuelsizdik tüġyry: Ğylymi-tanymdyq taldaular men publicistikalyq tolġaular. – Almaty, 2016. – 240 bet.

ӘОЖ 930.22
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.03>

Khazretali Tursun <https://orsid.org/0000-0001-9950-7212>

Ж.Дюсембаева¹ *, Б.А. Жамелов², Х.М. Тұрсұн³

¹ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты.

E-mail: kzhadyra@gmail.com

Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

² Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің докторанты.

E-mail: zhamelov_b@fmsh.nis.edu.kz

Түркістан, Қазақстан Республикасы

³ Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы. Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТИ

Аңдатпа

Мақалада «ұлттық идея» және «мемлекеттік идея» ұғымдары қатар қолданылады. Осы екі ұғымның арақатынасы нақтылауды қажет етеді. Көпұлтты болып қалыптасқан Ресей сияқты елдерде ұлттық идея дегеніміз этникалық мағынаны білдірмейді. Ал моноұлттық болып қалыптасқан қазақ қоғамы үшін «ұлттық идея» мемлекет қалыптастырушы қазақ ұлтының мүддесіне барынша жақын. Бұл жағдай, әсіресе, ХХ ғ. бас кезіндегі қазақ ұлттық бірегейлігінің орнығуы кезеңіне тән болатын. Түркістан Республикасында Орталық биліктің баспасөз органы болып жарық көрген (1920-1925 жж.) «Ақ жол» газеті ұлттық идеяны насихаттаушы ғана емес, оны қалыптастырушылық қызметін де атқарған еді. Мақала осы тарихи құбылысқа баға беруге арналады.

Кеңестік билік кезеңінде қалыптасқан көпэтностық қауымдастық бұл ұғымға жаңа мазмұн беріп, қазіргі кезеңде ұлттық идея ұғымы мемлекеттік идеяға ұласты Тар этникалық ауқымнан шығып, әлеуметтік-мәдени мәнге ие болды.

Кілтті сөздер: ұлттық және мемлекеттік идея, ұлттық идея қызметі, ұлттық бірегейлік, messiанизм, «Ақ жол» газеті, Түркістандағы этносаяси үдерістер, ұлттық-территориялық межелеу.

Дюсембаева Ж.¹ *, Жамелов Б.А.², Тұрсұн Х.М.³

¹ докторант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

E-mail: kzhadyra@gmail.com, Шымкент, Республика Казахстан

² докторант казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави.

E-mail: zhamelov_b@fmsh.nis.edu.kz, Туркестан, Республика Казахстан

³ профессор казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, доктор исторических наук.

E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz, Туркестан, Республика Казахстан

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И ГАЗЕТА «АК ЖОЛ»

Аннотация

В статье параллельно используются понятия «национальная идея» и «государственная идея». Соотношение этих двух понятий требует уточнения. В таких странах, как многонациональная Россия, национальная идея не означает этническую. А для мононационального казахского общества «Национальная идея» максимально приближена к интересам национально-государственной казахской нации. Особенно это было характерно для периода становления казахской национальной идентичности в начале XX в. Издан в республике Туркестан как печатный орган центральной власти (1920-1925 гг.) Газета "Ак жол" работала не только пропагандистом национальной идеи, но и ее формирователем. Статья будет посвящена оценке этого исторического явления.

Сложившаяся в период советской власти полиэтническая общность придала этому понятию новое содержание, а на современном этапе понятие национальной идеи вышло из узкого этнического диапазона и приобрело социокультурное значение.

Ключевые слова: национальная и государственная идея, национальная идейная деятельность, национальная идентичность, мессианизм, газета «Ак жол», Этнополитические процессы в Туркестане, национально-территориальное размежевание.

Dyusembekova Zh.¹ *, Zhamelov B.A.², Tursun Kh.M.³

Shymkent, Republic of Kazakhstan

¹PhD student of the South Kazakhstan State Pedagogical University.

E-mail: kzhadyra@gmail.com

Shymkent, Republic of Kazakhstan

²PhD student of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yesevi.

E-mail: zhamelov_b@fmsh.nis.edu.kz

³Doctor of Historical Sciences, Professor of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yesevi.

E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

NATIONAL IDEA AND NEWSPAPER "AK ZHOL"

Abstract

The article uses the concepts of "national idea" and "state idea" in parallel. The relationship of these two concepts requires clarification. In countries such as multinational Russia, a national idea does not mean an ethnic one. And for a mono-national Kazakh society, the "National Idea" is as close as possible to the interests of the national-state Kazakh nation. This was especially characteristic of the period of formation of the Kazakh national identity in the early twentieth century. It was published in the Republic of Turkestan as a printing organ of the central government (1920-1925.) The newspaper "Ak Zhol" worked not only as a propagandist of the national idea, but also as its shaper. The article will be devoted to the assessment of this historical phenomenon.

The polyethnic community that developed during the Soviet period gave this concept a new content, and at the present stage the concept of the national idea has emerged from a narrow ethnic range and acquired socio-cultural significance.

Keywords: national and state idea, national ideological activity, national identity, Messianism, newspaper "Ak Zhol", Ethnopolitical processes in Turkestan, national-territorial demarcation.

Кіріспе

Ұлттық идея ұғымына бастапқы кезде қоғамтанушы ғалымдар мен саясаткерлер аса сақтықпен қарағаны, тіпті өршелене қарсы шыққаны белгілі. Мәселеге айқындық беру үшін Энтони Смиттің этнос дегенімізді тиесілігі мынадай критерийлермен айқындалатын адамдардың ортақтығы: 1) аты, 2) шығу тегінің ортақ мифтері, 3) жалпы тарих және мәдениет, 4) мәдени нормалар мен құндылықтардың ортақ жүйесі, 5) белгілі бір аумақпен ассоциативті байланыс және 6) ынтымақтастық сезімі [1, p.49.] деген тұжырымын тиянақ ретінде қолданамыз. Этностың өзінің бірегейлігін тануы - ұлттың қалыптасуына өзек болады. Ұлттық мүддені қорғау ұлтшылдыққа ұласады. Ал ұлтшылдықтың өзі қалыптасу ортасына орай екі бағыты қалыптасқандығы белгілі. Оның біріншісі шартты түрде азаматтық (Батыс Еуропада ұлттық

мемлекеттер қалыптасу барысында дүниеге келген («евронационализм») және этникалық (XX ғ. басындағы отаршылдыққа қарсы күрес барысында қалыптасқан) деп жіктейді [2, с.439] шетелдік ғалымдар.

Ел (кең мағынасында – мемлекет) – кеңістік пен уақыт арасында өмір сүретін территориясының, онда мекендеген халқының болуымен біртұтас мемлекеттік басқаруымен бектілген «тірі» организм болғандықтан да ұлттық идеяға жүгінбей тұра алмайды. Елдің қоғамдық дамуының алысты болжаған стратегиялық бағдары.

Елді форма ретінде қалыптастырушы бастаулар – территория, онда тұратын халық, біртұтас мемлекеттік басқару сияқты факторлар ұлттық және азаматтық мүдделерді алдыңғы орынға шығарады.

Осыған байланысты Дж.Комарофф «Евронационализм мен этнонационализм мәндік тұрғыда бір-біріне қарама-қарсы қойылады: содан барып олардың қақтығысы немесе өзара түсіністікке ұмтылған келіссөздерінде мойындамаушылық пен түсінбестік келіп шығады» [3, с.59-60] деген тұжырымы ұлттық идеяның мәні мен функцияларының диалектикалық даму процесін түсінуге айқындық береді. Ұлттық идеяның тарихи алғышарттары. Қазақ дәстүрлі қоғамының тарихынан (XV ғ. ортасы – XX ғ. бас кезі) ұлттық идеяның болғанын және қызмет еткендігіне көптеген мысалдар келтіре алады. Осы аталған кезеңде ұлттық идея қазіргі заманғы классикалық өлшемдерге толық сай келмегенімен де ұлтпен бірге қалыптасып, өмір сүрді. Содан да оны шартты түрде ұлттық идеяның тарихи алғышарттары деп қолданып отырмыз. Дәстүрлі қоғамда ақын-жыраулар институты А.Байтұрсынов баспасөзге қатысты айтқанындай, «халықтың басы, көзі, құлағы, тілі» қызметін атқарды деп бағалаймыз. Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың шығармашылығында ұлттың арман-мұраты тілмен бейнеленіп, халыққа жетіп жатты. Ол шығармаларда көтерілген ұлттық идеялар дәстүрлі тарихи жадты қалыптастыру арқылы ұлттық рух пен сананы шыңдады (Жиембет, Ақтамберді, Махамбет, Нысанбай және т.б.). Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Отанды қорғау ұлттық идеяның өзегі болды. Ұлттың яғни этнонационализм аясында «жоңғар, қалмақ, шүршіт» түрінде жаудың бейнесі қалыптасты. Сол кездің тарихи жырларында «атаңа нәлет ит қалмақ» деген формула ауызша деректерде жиі кездесетін штамға айналды. Осыған байланысты С.Қирабаев қазақ әдебиетінің тарихына зер сала қараған адам жалғасып, үзілмей келе жатқан «халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес ел болу идеясын» [4] көретіндігін жазады.

Негізгі бөлім. Ұлттық идея қандай қоғамда болса да мемлекет қалыптастырудың және оны дамытып, өркендетудің өзегі болатындығы белгілі. Ұлттық идеяның мазмұны мен сипаты ұлттың мемлекеттілігінің түріне қарай эволюциялық өзгерістерге түсіп отыратындығы байқалады. Бұл жағдайдың мысалын Қазақ елі мен жерінің Ресей империясының бодандығында болған кезеңдегі тарихи оқиғаларға талдау жасау арқылы көз жеткіземіз. Отарлық жағдайда ұлттың бірегейлігінің қалыптасуына тосқауыл қойылады. Тіл, дін, діл, ұлттық рух сияқты рухани мәселелер: жер, шаруашылық жүргізу, билік, сот жүйесі сияқты саяси мәселе-лер дәстүрлі қоғамдағы мәнін жойып, отарлық билік орнатқан қоғамдық қатынастарға сай модерниза-циялана бастайды. Отарлық сипаттағы модернизациялық процестердің ұлттық мүддені мүлдем ескермей жүргізілуі – жаңа қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының халыққа жүгінуіне алып келді. Оның мәні – қоғамда іске асырылып жатқан өзгерістердің ақ-қарасын ажыратудан бастап, осы модернизациялық процесте ұлт ретінде жойылып кетпеудің шараларын ұсынуға дейінгі күрескерлік әрекеті ұлттық идеяны қалыптастыру және насихаттауға бастау болды.

Осы мәселеде ұлттық баспасөз аса маңызды рөл атқарды. Соның жарқын көрінісі ретінде отарлық билік ұлттық мемлекеттілікті жоюға бағытталған реакциялық әрекеттерін жүргізіп тұрған шақтың өзінде 1911 ж. Троицк қаласында Ғұмар Қараш пен Буриннің «Қазақстан» атты газет шығаруынан көреміз. Газет атауының өзі біртұтас қазақ жерін Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан генерал губернаторлығы, Закаспий округіне бөліп тастаған жағдайда болашақ ұлттық мемлекеттілікті ұсынған ұлттық идеяға айналғандығын көреміз. Осындай ұлттық идеяны атауының өзімен жарнамалап жарыққа шыққан басылымның бары-жоғы төрт саны ғана жарыққа шықты. 1913 ж. М.Сералиннің редакторлығымен жарыққа шыққан «Айқап» газетінің атауы да осынай ұлттық идеядан туындағандығын редактордың өзі жазады.

Ал 1913 ж. 1 ақпанында Орынбор қаласында А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың ұйымдастыруымен, Ф.Оразалиевтің демеушілігімен жарыққа шыққан «Қазақ» газеті «қырғыз-қайсақ», «қырғыз» деп бұрмаланған ұлтымыздың «қазақ» атауын жаңғыртуы арқылы ұлттық идеяның қызметін атқарып тұрғандығы аңғарылады.

XX ғ. бас кезінде ұлттық баспасөзбен бірге ұлттық кітап басу ісі де қалыптаса бастағандығы белгілі. Ауыз әдебиетінің үлгілері, лиро-эпостық жырлар, діни желідегі нәзирашыл ақындардың дастандары осы кезде көптеп жарық көре бастады. Осы кітап басу ісіндегі ұлттық идея қалыптастыру мен оны халық арасында насихаттауға арналған кітаптардың алғашқысы А.Байтұрсыновтың «Маса» өлеңдер жинағы [5].

Ал М.Дулатовтың «Оян, қазақ» кітабы сол кезең үшін құбылыс болды. «Қанеки, оян, қазақ, көтер басты» [6] деп ұрандатқан жыр жинағы патша өкіметінің цензурасына ілігіп, қуғын көруі онда көтерілген ұлттық идеяның өміршеңдігінен еді. Осы кітаптан соң «Жатпа, қазақ!», «Тұр, қазақ!» атты кітаптар да жарыққа шыққандығын ескерер болсақ, отарлық билік бодандықтың ұйығына шым батырған ұлттық ой сананы серпілту үшін осындай саяси-әлеуметтік жүк арқалаған шығармаларға деген сұраныс болғандығы аңғарылады.

Материалдар мен әдістер: Дереккөздерді талдау арқылы зерттелетін үдерістерге объективті көзқарасқа негізделді. Тарихты зерттеудегі ұлттық идея авторға объективті тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу әдістері ретінде нақты, салыстырмалы талдау, жүйелеу, салыстыру, хронологиялық, ретроспективті әдістер жүргізілді.

Нәтижелерді талқылау: Ұлттық идеяның көтерілуі және оған түрткі болған саяси-әлеуметтік факторлар жөнінде. А.Сейдімбектің айтуынша, этнос жадының қожырай бастауы ұлттың бірегейлігін дүбараландырады. «Этнос мүлде өлімге бойұсынғанда сол этнос аясында бірін-бірі түсінбейтін, бірін-бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болады... нағыз ұлтжандылық пен мемлекетшілдіктің сыналар жері де осы болса керек» [7, Б.46-47] деп жазады. Бұл тұжырым маркстік таптық теория ықпалында қоғамды антогонистік топтарға бөлген жіктелісті емес, керісінше, рухани деградацияға ұшыраған қоғамдағы әлеуметтік жіктелісті көрсетіп отыр деп түсінуіміз керек. Демек, отарлық биліктің өз боданындағы халықты ұлтсыздандыруға бағытталған әрекетінің нәтижесі – осы рухани деградация болатын. Ол деградация ұлттық тұтастыққа сызат түсіретін еді. Отарлық билік тұсында дәстүрлі қоғамдағы ұлттық құндылық – рушылықпен, мемлекетшілік – жершілдікпен, қайраткерлік – мансапқұмарлықпен алмаса бастады.

Ұлттық идея ұлтты қалыптастырушы саяси, идеологиялық, мәдени-рухани құрауыштардың қатарында дүниеге келеді және олар бірін-бірі толықтырып отырады. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ ғалымдары ұлттық идеяның «бес ғасырдан астам тарихы бар» [8] деп, мәселені Қазақ хандығының құрылуымен байланыстырады. Бұл тұжырымға қатысты айтарымыз, аталған кезеңде қазақ халқы ұлт болып қалыптаса қоймағандығын ескерер болсақ, «ұлттық идея» атауына басқаша мән берген дұрыс болар еді. Осы кезеңде халықтың жаңадан дербес, қазақ атауымен мемлекет болып шаңырақ көтерген арман-мұраты мемлекеттілікті нығайту, ортақ территорияны қалыптастыру, дербес ұлт болып ұйысу болғандығы белгілі.

Зерттеу нәтижесі: Дәстүрлі қоғамның Қазақ хандығы тұсындағы томаға-тұйық шаруашылығы мен рулық-патриархалдық құрылымының нарықтық қатынасқа негізделген патшалық Ресейдің отарлық басқыншылығына төтеп бере алмауы ұлттық идеяның мазмұны мен сипатына өзгеріс ала келді.

XVIII ғасырдың соңынан бастап отарлық билікке қарсы бас көтерген халық бұқарасы қозғалыстарының саяси дәлеліне айналған ұлттық мұраттар – бодандықтан құтылып, тәуелсіз ел болудың өзегін құраған еді. Осы тәуелсіздікті басты мақсат тұтқан ұлттық идеяның материалдануы, яғни іске асуының көріністері 1839-1847 жж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің әрекеттерінде көрініс тапты. Көтеріліс барысында отарлық биліктің қуатты әскери-бюрократиялық әлеуетімен бетпе-бет келген осы дөкір күштің барлық ауыртпалығын бүкіл болмысымен сезінген қазақ халқының тарихи санасында қарулы күрестің жеңілісінен соң «Зар заман» ақындарының шығармашылығы арқылы қалыптасқан торығушылық идеясын да ұлттың саяси көңіл-күйін білдерген идеялардың қатарында атауымызға болады. Тұтастай философиялық қатпарларды құраған торығушылық концепциясының ішінде ертеңгі күннен үміт күткен оптимистік қоғамдық-саяси ой өріс алды.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының саяси күрес кезеңіне жол ашқан XX ғ. бас кезі ұлттық идеяның тұжырымдалуы мен насихатталуын сапалық жаңа деңгейге көтеруді қажет етті.

XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының құрамындағы бодан халықтардың ұлттық дербестікке ұмтылуы отаршылдыққа қарсы әлемдік ұлт-азаттық қозғалыстың аясында өрбіді де метрополияның әлеуметтік және экономикалық тұрғыда ең артта қалған аймағы саналған Орта Азия мен қазақ облыстарында үлкен резонанс тудырды. Осы аймақта 1916 ж. кең өріс алған қарулы көтерілістердің тәжірибесі ұлттық идеялардың қалыптасуының инкубациялық кезеңі болды деп айта аламыз.

1917 ж. ақпан буржуазиялық революциясы Бірінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығына елдегі әлеуметтік дүмпулерге шыдас бере алмаған монархиялық жүйені модернизациялауға жол ашты. Ескі биліктің өзегін сақтай отырып, демократия құндылықтарын орнықтыруға деген Уақытша Үкіметің шешімсіздігін және қалыптасқан ішкі, сыртқы жағдайларды өз мүддесіне сәтті пайдаланған социал-демократтар мен большевиктер Қазан төңкерісін жасап, мемлекеттік билікті тартып алды.

Кеңестік биліктің алғашқы қабылдаған Декреттерінен бастап ұлттық идеяға таптық мазмұн беруімен ерекшеленді. «Бітім» туралы Декрет соғысты тоқтатып, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету идеясын орнықтырса, «Жер» туралы Декретте патшалы Ресейде барынша шиеленісті сипат алған жер мәселесін таптық тәсілдермен шешу идеясын ұсынды.

Большевиктер ұсынған «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран елдің ішкі мәселесінен бұрын сыртқы елдерге, әлемдік пролетариатқа арналғандықтан да ұлттық идея емес, messiандық идея болатын. Ұлттық идея негізінен елдің өз ішіндегі ахуалға бағытталса, оның сыртқы әлемге бағытталуы messiандық идея деп аталады. Олар бір-бірімен байланысты болғанымен бір-біріне бара-бар емес еді.

Кеңестік биліктің ықпал аймағына тартылған Қазақ елі үшін бұл идеяның сырттан таңылғанының бір көрінісі осы деп білеміз. Барлық елдердің пролетарларын әлемдік коммунизм орнату жолында біріктіру большевиктік, яғни орыс messiандығының трансформациялануы түрінде қалыптасқан орыстық идея еді. Демек, Кеңес Одағында ұлттық және messiандық идеялар жымдасып кеткендігі аңғарылады. Бұл тұжырым Түркістан автономиялық Кеңестік социалистік Республикасындағы ресми биліктің ұлттық идея қалыптастыру және оны насихаттау, іске асыру тәжірибесінде көрініс тапты. Түркістанда кеңестік биліктің жоғары эшелонына тартылған Н.Төреқұлов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров сияқты этноэлита өкілдерінің қызметі осы messiандық идеяның арасына ұлттық мүддені енгізу үшін күрес төңірегінде құрылды. Ол әрекет «социализмге тақия кигізу» деп те бағаланды.

Қазіргі заманғы қоғамдық ғылымдарда ұлттық идеяның мәнін анықтайтын тұғырлар жетерлік. Бірін-бірі толықтыратын құрауыштар сабақтастығы ұлттық идеяның тұтастығын қамтамасыз етіп, өміршеңдігіне негіз болады. Қазақ дәстүрлі қоғамында ұлтты біріктіретін рәміздер мен құндылықтар мысалында «Жерұйық» ұғымы қасиетті рәмізге айналса, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман азаматтарды бейбіт те берекелі қоғам орнатуға жұмылдыратын құндылыққа айналғанынан көреміз.

Ұлттық идея – ұлттың бірегейлігіне қол жеткізу тетігі. Ұлттық идея кең мағынасында қоғамның дамуы мен ұйысуына негіз болатын идеялар мен құндылықтар қағидасының жүйесі ретінде ұлттық идеологияның баламасы болады. Ал тар мағынасында этникалық салада бірегейлікті қалыптастыруға байланысты ұғымдар жүйесі [9, с.303-313]. Осымен қатар қолданылатын тұғырда ұлттық идея ұлттық емес, өркениетті бірегейлікке қол жеткізу деп түсіндіріледі [10, с.73].

Жалпы ұлттық идеяның әмбебаптығы бәрінен де бұрын оның бірегейлікті іздеп табу және қол жеткізу тетігі ретінде қарастырудан туындайды [11, с.64-68]. Қалыптасқан мемлекеттердің бәрінде де ұлттық идея болады. Осыдан келіп ұлт дегеніміз ұлттық идеясы бар халық деп айта аламыз. Демек, ұлттық идеялар құрылымы, қызметі және мақсаттары бойынша ұқсас болып келеді де, олардың ерекшелігі елдің бірегейлігінен туындайды екен.

Ұлттық идея өмір сүруі үшін ұлт қалыптасып алуы керек. Осыған байланысты ұлт болып қалыптасудың бастауы қайсы деген мәселе тарихшыларды қатты қызықтырады. Ресейлік ғалым В.Г. Буданов «Ресейде ұлттық идеяның идеологиялық архетиптік бөлігі ретінде «белсенділенуіне» Күлік даласындағы (Куликово поле) оқиғалар негіз қалады» [12, с.31-33] деп тұжырым жасайды. Оның пікірінше, орыс ұлтының қалыптасуы татар-моңғол езгісімен күрес кезеңінде басталған. Дәл осы уақытта алғашқы ұлттық идея – азаттық идеясы қалыптасқан деген тұжырымға Отан тарихынан параллель мысалдар келтіруге болады. Әдетте, қазақ ұлтының қалыптасуын Қазақ хандығының құрылуымен байланыстыру себептерінің бірі осы.

«Ұлттық бірегейлік деген – ұлттың тарихи тәжірибесін қабылдау [13] деген тұжырым одан әрі тарқатуды қажет етеді. Ұлттық немесе ұлттық мемлекеттік бірегейлік өзінің және өзгенің ерекшелігін ажыратумен шектелмейді, ол тарихи мүдделерді де түсіне алумен толығады. «Әрбір елдің, тіпті ол шағын жаңа жасанды құрылған болсын, өз мүддесі болады. Бірақ мүдде ұлттық идея болып пісіп-жетілгенше өз елінің тарихына деген қатынастың маңызды бөлігі ретінде ол ұлттың бірегейлікке жетуге дейінгі кезеңнен өтуі керек». Өйткені ұлттық идея ұрпақтан ұрпаққа беріліп, «дәстүр мен модернизацияның арақатынасын» бейнелеп, тарихи тұрғыда қалыптасады, бекиді және дамиды [14, с.6, 13].

Қалыптасқан ұлттық идеяның сапасын анықтайтын өлшемдерді нақтылау да методологиялық мәселелердің бірі болып саналады. Осыған байланысты ұлттық идея «ұлтты біртұтас мақсат төңірегіне топтастыру» және «ұлттың қуатын сақтау және еселеуге» [15] қызмет етуі арқылы сапасы танылатын болады деген тұжырымбарынша әмбебап деп қабылданады.

Этникалық деген ұғымды консервативті бағыттағы ғалымдар нақты тарихи жағдайдағы әлеуметтік факторлар әрекетінің нәтижесі деп қарастырады. Бұндай жағдайда этникалық ұғымы адамның мәдени топқа қатыстылығы ретінде қолданылады. Оның әртүрлі көріністері түрлі әлеуметтік агенттердің

(мемлекет, биліктің басқа да тұрпаттары, мешіт, саяси және мәдени элита) шығармашылық әрекеттерінің жемісі [2, с.441] болмақ.

Дін – ұрпақтан ұрпаққа берілетін жалпы тарихты, тарихи сананы қалыптастырады. Тарих этносқа өзінің өмір сүру құқын негіздеу үшін керек. Өйткені, «тексіздерге» жер бетінде орын жоқ. Халықтың түп тамыры неғұрлым терең болса, соғұрлым оның моральдық құқы көп болады [2, с.443] деп бағаланады.

Уақытша Үкімет батыстың либералдық-буржуазиялық мемлекет моделін бағдарға алуы арқылы Ресейдегі дәстүрлі мемлекеттік құрылымды күйретті, империяда территориялық ыдырау қаупі туды. Осы кезеңде Орта Азия мен Қазақстанда кең өріс алған ұлт-азаттық қозғалыстың стратегиялық бағдары тәуелсіздік болған еді.

Саяси элита бастамасымен құрылған қозғалыстар саяси партиялар этникалық бірегейлікті сақтаудан бастап ұлттық идеяларды дайындай бастады. Түркістан Мұхтариаты, Алаш Орда автономиясы құрылғанымен, олар Ресейдің федералдық билігінің құрамындағы автономиялық билікті нақты іс-тәжірибеде көрсете алды. Бірақ саяси ойдың жемісі ретінде ұлттық, мемлекеттік құру мәселесі ұлттық идея деңгейіне көтеруге дейін пісіп-жетіле алмады. Оның себебі, қалыптасқан тарихи жағдайлар мен саяси ахуалдың факторлары мүмкіндік берген жоқ еді.

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс патша үкіметінің отарлық саясатына қарсылықтан туындаған еді деп кеңестік тарихнамада тұжырымдалғанымен, шын мәнінде көтерілісшілерді орыс тұрақты әскері мен қарулы казактардың аяусыз басып-жаншуы бұл көтерілісті мемлекет ішіндегі ұлтаралық жанжалға айналдырған еді. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен соң орын алған хаос жағдайы орыс және жергілікті ұлттар арасындағы теке-тіресті жағдайды одан әрі тереңдете түсті. Әйтсе де, Қазан төңкерісімен билікке келген большевиктік биліктің тактикасы күтпеген бағытқа ойысты. Содан да Украина, Кавказдағы сияқты Орта Азия мен Қазақстандағы ұлтаралық соғысқа азамат соғысы деген мән берілді. Қызыл әскердің жергілікті халыққа қарсы жасаған барлық озбырлық әрекеті осы азамат соғысы арқылы бүркемеленді.

Елдің территориясының болуы мемлекеттік биліктің егемендігі категориясын өміршең етеді. Бір территорияда бір ғана мемлекеттік биліктің суверенитеттігі мойындалады, таралады. Басқа жағдайда территорияның даулылығы ашық немесе жасырын конфликтіге ұласады. Осы жағдай 1923-1924 жж. ТАКСР жағдайында ашық біліне бастауы Түркістанның көпұлтты болуы, оларды Т.Рысқұлов сияқты қайраткерлердің «түркістандық» ұлтқа айналдыру туралы идеясы Орталық билік тарапынан да, жергілікті этноэлита тарапынан да қолдау таппауы жағдайында барынша шиеленісе түсті. Өрши түскен осы этникалық негіздегі саяси-әлеуметтік қарама-қайшылықты ВКП(б) ОК мен БОАК-тың 1924 ж. ақпан айындағы «Межеліу туралы» қаулысы шешуге тиіс болды.

«Ақ жол» газеті Түркістандағы кеңестік биліктің ресми баспасөз органы болып дүниеге келді. ТКП ОК мен Түркіаткомның орыс тіліндегі баспасөз органы «Туркестанская правда», өзбек тіліндегі «Туркистон» газеттері жарық көріп тұрды. Н.Төрехұловтың ТКП ОК жауапты хатшысы болып сайлануы (1920 ж. тамыз) республикадағы саны бойынша екінші, жер көлемі жағынан бірінші орын алып отырған қазақ халқының тілінде республикалық газет шығару ісін жеделдеткен фактор болды. Өлкеде өзбек тіліндегі баспасөзді ұйымдастырушы ретінде танылған Н.Төрехұловтың баспасөздегі алғашқы қызметі Торғай облыстық ревкомының «Еркін дала» газетін шығарудан басталған еді.

Ташкентте «Ақ жол» газеті жарыққа шыққанға дейін республикалық деңгейде қазақ тіліндегі газет болмады. Партия мен өкіметтің шешімдері орыс, өзбектілді аудиторияға жеткенімен қалың қазақ арасына жетпей жатты. Идеологияның басты қаруы ретінде баспасөз қызметіне баса мән берген кеңестік билік үшін осы олқылықтың орнын толтыру кезек күттірмейтін мәселеге айналды. «Ақ жол» газеті осындай қажеттілікпен дүниеге келді.

«Ақ жол» газетінде көтерілген және насихатталған ұлттық идеяны басты бағыттары бойынша былай топтастыруға болады: 1. Жер-су реформасы. 2. Ағарту ісі (мектеп ісі, оқулықтар дайындау, педагогикалық курстар, мұғалім кадрларын дайындау). 3. Мәдениет саласы (театр, ойын-сауық, кітапхана ісі және т.б.). 4. Тіл мәселесі (қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, емле, терминология, тіл тазалығы). 5. Әдебиет пен өнер («өлеңдер, аңыздар, тарихи жырларды жинақтау, жариялау және насихаттау»). 6. Шаруашылық жүргізуді жолға қою (экономикалық модернизация, мал тұқымын асылдандыру, егіншіліктің жаңа түрлерін игеру). 7. Халықшаруашылығына қажетті мамандықтарды игеру үшін шетелге студенттер жіберу). 8. Жаңа тұрмыс-салтты насихаттау, ескі әдет-ғұрыптардан арылу, әйел теңдігі мәселесі (қалың малды, тоқал алуды, әменгерлікті, ерте тұрмысқа беру мен атастыруды жою т.б.). 9. Билік құрылымдарын жергіліктендіру (казактандыру). 10. Ұлттық-территориялық тұтастық идеясы (ұлттық-аумақтық межелеу және оның барысы). 11. Ашыққандарға көмек беру мәселесі.

Солардың арасында «Ақ жол» газетінде көтерілген және пәрменді түрде насихатталған тақырыптардың бірі – Түркістанда жүргізілген жер-су реформасы (1921 ж) және соның себептері мен салдарларына арналған еді. Алаш қайраткерлері, солардың арасында Ә.Бөкейхан мемлекеттің меншігі деп жарияланған қазақ жерінің тағдырына алаңдап, «Қазақ» газетінің беттерінен бастап, Ресей мемлекеттік думасының мінберіне дейін көтерген белгілі. Қазақ жеріне Ресейдің орталық аудандарынан қоныстанушылардың ағылып келуі және оны мемлекеттің саясатына айналдырған биліктің әрекетінен қазақтың дәстүрлі шаруашылық типін күйретуді ғана емес, сонымен бірге демографиялық, тілдік, діни тұрғыда да орасан зор қауіп төндіретіндігін көрегендікпен аңғарды. «Оның ойынша, орыстардың қазақ жеріне ешбір рұқсатсыз жаппай қоныстандыруының арта түсуі қоныстанушылар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынасты ауырлатып, қазақтардың заңды қарсылығын туғызды. Осындайда Ә.Бөкейхан орыс мұжықтарының қазақ жеріне жаппай қоныстану тасқынын тоқтатудың жолын іздестіруі» [16, Б.9] оның әріптестері тарапынан одан әрі жалғастырылды. М.Шоқай төңкеріске дейінгі кезеңде атамекенімізде орыс мұғажырларының тасқынын тоқтату болғандығын, қалыптасқан жағдайда мәселені тура қою мүмкін болмағандықтан «алдымен түркістандықтардың өзін жерге орналастырайық, ал орыс мұжықтарының мәселесін Ресейдің өзінде жер мәселесі шешілгенше тоқтата тұру» түрінде көтерілгендігін жазады.

Қорытынды. Ұлт туралы ұғым әркезде де национализм (ұлтшылдық) түсінігімен тығыз байланысты болып келеді. Ұлт пен ұлтшылдықтың байланысы мемлекет ішіндегі немесе мемлекеттер арасындағы ұлтаралық қақтығыстар барысында көрініс береді. «Ұлтшылдық» ұғымы этникалық мәселеге қатысты көптеген мән-мағынаға ие болғандықтан оны қандай да бір контексте абайлап қолдануды қажет етеді. Ұлтшылдық көбіне ұлттық рухқа ұмтылу немесе патриотизмнің баламасы ретінде қолданылады. Әйтсе де, патриотизм мен ұлтшылдық бір-біріне кереғар ұғымдар екендігі есте болуы керек.

Отан тарихында ұлттық идеяны қалыптастырған және оны пәрменді іске асырған саяси элита өкілдерінің қуғындалуының ең басты себебі ұлтшылдық болған еді. Өз ұлтының өкілі бола тұрып оның мүддесіне қызмет жасамау - патриотизмге кереғар құбылыс. Ал патриотизм кез келген мемлекеттің идеологиясының қажетті шарты. Әйтсе де ол ұғымның жеке тұрғанда ешқандай қуаты жоқ. Ол өміршең қуатқа ие болуы үшін болашаққа бағдарланған және патриоттық құндылықтарды іске асыруға кепіл болатын идеяға байлануы керек.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Smith A. D. *The Ethnic Origins of Nations*. Oxford, 1986.
2. *Национальная идея России. В 6 т. Т. 1.* – М.: *Научный эксперт*, 2012. – 725 с.
3. Комарофф Дж. *Национальность, этничность, современность: политика самосознания в конце XX века. Статья // Этничность и власть в полиэтнических государствах. Сборник статей.* – М.: *Наука*, 1994.
4. <http://www.galyt.kz> – 02.12.2012.
5. Байтұрсынов А. *Маса*.
6. Дулатов М. *Оян, қазақ!*
7. Сейдімбек А. *Қазақтың ауызына тарихы: Зерттеу.* – Астана: *Фолиант*, 2008. – 728 б.
8. Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ. *Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы.* – Астана: *Фолиант*, 2017. - 248 б.
9. Арбатская М. *Система организация избирательных процедур – инструмент реализации активного избирательного права. Статья // Российские выборы в контексте международных избирательных стандартов. Материалы международной конференции / Под ред. А.Иванченко и А.Любарева.* – М.: *Аспект Пресс*, 2006.
10. *Национальная идея и жизнеспособность государства. Постановка задачи. Материалы научного семинара. Вып. 2.* – М.: *Научный эксперт*, 2009.
11. Мадор Ю.П. *Английская идея. Статья // Национальная идея: История, идеология, миф.* – М.: *ИСП РАН*, 2004.
12. Буданов В.Г. *Ритмокаскады в истории России. Статья // Стратегии динамического развития России. Единство самоорганизации и управления. Международный симпозиум «Синергетика в решении проблем человечества XXI века: диалог школ». Т.3. Ч.2.* – М.: *Перспект*. 2004.
13. *Национальная идентичность – это понятие исторического опыта нации. Интервью РА Вадима Леонидовича Цымбурского // <<http://www.antropotok.archipelag.ru/text/a120.htm>>*

14. *Национальная идея и жизнеспособность государства. Постановка задачи. Материалы научного семинара. Вып. 2.* – М.: Научный эксперт, 2009.

15. *Национальная идея – возрождение и развитие России. Статья*// <<http://natio-idea.narod.ru/>>; Крестинин Е.И. Отрывки из книги «Гимн России и национальная идея» // http://zarusl.narod.ru/ZaRus2_8htm

16. Омарбеков Т. Ә.Бөкейхан: Тарихқа көзқарас / «Тәуелсіздік құндылықтары және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 8 сәуір 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 235 б.

References

1. Smith A. D. *The Ethnic Origins of Nations*. Oxford, 1986.
2. *The national idea of Russia*. In 6 t. t. 1. – М.: Scientific expert, 2012. – 725 p.
3. Komaroff J. *Nationality, ethnicity, modernity: the politics of self-consciousness at the end of the twentieth century*. Article // *Ethnicity and power in multiethnic states*. Collection of articles. – Moscow: Nauka, 1994.
4. <http://www.galym.kz> – 02.12.2012.
5. Baitursynov A. *Masa*.
6. Dulatov M. *wake up, Kazakh!*
7. Seidimbek A. *oral history of the Kazakh people: a study*. – Astana: Folio, 2008. – 728 P.
8. Seidimbek A., Abzhanov H., Salgarauly K. *national idea: historical fate and prospects*. - Astana: Folio, 2017. – 248 P.
9. Arbatskaya M. *System organization of electoral procedures – a tool for the implementation of active suffrage*. Article // *Russian elections in the context of international electoral standards. Materials of the international conference / Edited by A. Ivanchenko and A. Lyubarev*. – М.: Aspect Press, 2006.
10. *National idea and viability of the state. Problem statement. Materials of the scientific seminar. Issue 2*. Moscow: Scientific Expert, 2009.
11. Mador Yu.P. *English idea*. Article // *National idea: History, ideology, myth*. – Moscow: ISR RAS, 2004.
12. Budanov V.G. *Rhythmic Cascades in the history of Russia*. Article // *Strategies of dynamic development of Russia. Unity of self-organization and management. International Symposium "Synergetics in solving the problems of humanity of the XXI century: the dialogue of schools"*. Vol.3. Part 2. – М.: Prospect. 2004.
13. *National identity is the concept of the historical experience of the nation*. Interview of RA Vadim Leonidovich Tsymbursky // <<http://www.antropotok.archipelag.ru/text/a120.htm> >
14. *National idea and viability of the state. Problem statement. Materials of the scientific seminar. Issue 2*. Moscow: Scientific Expert, 2009.
15. *The national idea is the revival and development of Russia*. Article// <<http://natio-idea.narod.ru/>>; Krestinin E.I. Excerpts from the book "The Anthem of Russia and the national idea" // http://zarusl.narod.ru/ZaRus2_8htm
16. Oмарбеков Т. А. *Bokeikhan: a look at history / materials of the international scientific and theoretical conference "values of independence and the National idea" Mangilik El"*. Almaty, April 8, 2016. – Almaty: Kazakh university, 2016. – 235 p.